

КУРАТОРЛЫҚ САҒАТТЫ ТАЛДАУ

1. Кураторлық сағаттың мастер-классын өткізу туралы мәлімет

Куратор: Смагулова Асемгуль Сериковна

Факультет: ФИТ

Кафедра: ИВС

Мамандығы: МКМ

Курс: 3 топ: МКМ-17-1

Өткізілген күні: 09.10.2019 **уақыты:** 15:05 – 15:55

Аудитория: басты корпус, 300 б

2. Кураторлық сағат тақырыбы: «Көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі».

3. Кураторлық сағаттың мақсаты: студенттерге көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі туралы мысалдарын келтіре отырып, түсініктерін тереңдету.

4. Кураторлық сағаттың міндеттері:

Оқыту: көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі туралы студенттердің білімін қорыту, студенттерге олардың сіңірген еңбектерінің маңыздылығын түсінуге жағдай жасау.

Дамытушы: танымдық қызығушылықты дамыту, көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі жайында ой-өрісін кеңейту, тарихты біліп тәрбиелеу.

Тәрбиелік: шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білім беру апаратымен жұмыс істеуге дағдыландыруға, патриоттық сезімін, отанына деген сүйіспеншілікті талдауға, салыстыруды үйрету.

Жабдық: ноутбук, интерактивті такта, проектор, мультимедиялық презентация.

5. Қолданылатын жабдықтар мен дидактикалық құралдардың сипаттамасы: Куратор сағатының мастер-классының толық жоспары, кураторлық сағатының презентациясы, бейнематериалдар, үлестірме материалдар, 300-б аудиторияны қажетті деңгейде материалдық-техникалық жабдыкталуы (ноутбук, проектор) бар. Кураторлық сағаттың тақырыбы барынша қамтылған, ақпарат слайдтар түрінде ұсынылған.

6. Аудиторияның санитарлық-гигиеналық жағдайы: 300б аудиторияның жағдайы қанағаттанарлық (Жарық, терезелерде жалюзи бар). Қауіпсіздік техникасы бойынша ешқандай заң бұзушылық болған жоқ.

7. Кураторлық сағатта тәрбие жұмысын ұйымдастыру:

Куратор сағатының уақытша құрылымының сипаттамасы:

– Кураторлық сағаттың тақырыбын, жоспарын, мақсаттары мен міндеттерін хабарлау (5 мин);

– А.Н. Данияровтың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі» тақырыбы бойынша «Болашақ» тобы дайындаған презентациясы (5 минут);

– «Академик А.С. Сағыновтың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі» тақырыбы бойынша «Innovation» тобы дайындаған презентациясы (5 минут);

– А.А. Ермаков-ң ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі» тақырыбы бойынша «Қыран» тобы дайындаған презентациясы ұсынылады (5 минут);

– Командалардың сұрақ-жауап түріндегі ой жарысы (20 минут). Топ 3 командаға бөлініп бір-біріне жоғарыда талқыланған тұлғалар жайында сұрақтар қойып жауап береді;

– «Көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі» тақырыбы бойынша қорытындылау (10 минут);

– "Биотехнология" тақырыбы бойынша кітапханадан көрме (5 мин);

– "Биотехнологияларды дамытудағы әлемдік трендтер" тақырыбы бойынша қорытынды (5 мин).

Кураторлық сағаттың уақытша құрылымы сақталған. Кураторлық сағаттың ақпараттық мазмұны жарияланатын тақырыпқа сәйкес келеді. Кураторлық сағат тақырыбы толық ашылды, материал көлемі бойынша дұрыс таңдалған, басты ой бөлінген, баяндамашыларда баяндау логикасы ұтымды болды.

Мазмұнды бөлім:

Ақпараттың қанықтылығы: кураторлық сағат тақырыбы барынша қамтылған, ақпарат слайдтар түрінде көрсетілді, «Болашақ», «Innovation», «Қыран» топтарының дайындаған деректі мәлімдемелері студенттер арасында қолдау тапты. Материалдары заманауи, студенттер үшін қызықты.

Кураторлық сағатты өткізуде таңдалған әдістері мен тәсілдері (топтық жұмыс) "Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру" патриоттық тәрбие моделіне сәйкес қойылған мақсаттарына, қарастырылған материалдың мазмұны мен топ ерекшеліктеріне сәйкес келеді, студенттердің жауапкершілігі мен дербестігіне негізделген, кураторлық сағаттың қызметтік сипатын қамтамасыз етті.

Кураторлық сағатты өткізудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары:

Кураторлық сағат барысында куратор аудиторияда жағымды психологиялық микроклимат жасап, қарастырылып отырған тақырыпты түсіну үшін барынша жағдай жасады. Студенттер кураторлық сағат тақырыбына қызығушылық танытты, топтық жұмысқа белсенді қатысты.

8. Кураторлық сағат өткізілген топтың жалпы сипаттамасы:

– тізім бойынша топтағы адамдар саны – 22, кешіккендер жоқ, келмегендер болған жоқ-0;

– топта ұжымның қалыптасу деңгейі-тату;

– барлық топтың немесе жеке студенттердің белсенділік деңгейі-динамикалық;

– кураторлық сағаттағы студенттер қызметінің сипаты-өнімді;

– тақырыпқа қызығушылық-топтық жұмыс және сұрақ-жауап жүргізу барысында барлық студенттер белсенді қатысып, өз пікірлерін білдірді, өткен тақырыптық материалды меңгерудің осы тәсіліне қызығушылық танытты. Мәселелерді талқылау кезіндегі Атмосфера өте маңызды болды;

– оқушылардың сөйлеуі дұрыс, сауатты;

– тәрбие сағатындағы студенттердің тәртібі мен мінез-құлық мәдениеті жақсы;

9. Куратордың іскерлік қасиеттерінің сипаттамасы:

Кураторлық сағат тақырыбы студенттердің ықпалдасу тарапынан ұсынылды. Ауызша баяндау мәдениеті – жақсы, баяндау қарқыны – орташа, материалды баяндаудың айқындығы мен қол жетімділігі - жоғары. Аудиториямен жұмыс істей білуі байқалады. Сыртқы түр түр келбеті келісілген.








10. Қол жеткізілген нәтижелер:

Кураторлық сағат жоспарға сәйкес өткізілді. Кураторлық сағаттың мақсаты мен міндеттері "жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру" патриоттық тәрбие моделіне сәйкес толық орындалды.

Осы кураторлық сағаттың көмегімен өз елі үшін мақтаныш, көрнекті ғалымдар мен педагогтардың ҚарМТУ дамуына қосқан үлесі, осы тұлғалардың өмірлік жолы мен еңбек жолы келешек ұрпаққа, яғни студенттерге үлгі ретінде ұсынылып насихатталды. Ғалымдардың сіңірген еңбегіне құрмет көрсету, олар қалаған негіздемені қадірлеп әрі қарай дамыту қажеттілігі сипатталды, студенттің жеке тұлға ретінде және жоғары патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпалын тигізді.

Кураторлық сағаттың өткізілуіне байланысты оң баға берілді.

11. Ұсынымдар: Кураторлық сағаттарда баяндаманы жеткізген кезде студенттер өздерін еркін ұстап, еркін түрде баяндаса деген ұсыныс айтылды.

Патриоттық тәрбие ГЗИ директоры		С.Ж. Агибаева
ИТФ деканы		Г.Е. Самапова
«Серпін-2050» оқу орталығының жетекшісі		Ш.А Жетпісбай
ИТФ ТЖ декан орынбасары		Н.Г. Аманбаев
АЕЖ кафедра меңгерушісі м.а.		А.А. Калинин
АЕЖ кафедрасының аға кураторы		Э.К. Сейнишева
МКМ-17-1 тобының кураторы		А.С. Смагулова









